

1 СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕР

Артурқызы Н.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м. Үмітқалиев Д.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

umitkaliev.ksu@mail.ru

*Жұмыс "превентивті археология"
коворкинг-орталығының
қызметі шеңберінде орындалды*

Адамзат тарихында бұл кезең мыс алғаш рет игерілген энеолит (мысты-тас) пен одан кейінгі қола дәуірлерін қосып палеометалл (ежелгі металл) деп те атау орын алған. Олшартты түрде б.з.б. V-IV-мыңжылдық пен б.з.б. I-мыңжылдықтың бас кезін қамтиды. Кейбір ғалымдар мысты игеру одан әлдеқайда ерте уақыттарда орын алған деп есептейді [1, 46].

Әлі күнге дейін Еуразияның әрбір тарихи аймақтарында қола металлургиясы пайда болғандығы жайлы ғалымдар арасында пікірталас орын алып отырғандығы белгілі. Қола дәуірінің нақты қай кезде қалыптасқандығын дәл айту қиын да күрделі мәселелердің бірі. Себебі, әрбір тарихи өңірде немесе Еуразиядағы елдердің аумағында қола дәуірін түрлі мерзімде орныға бастаған еді. Бұған ең алдымен сол жерлерде кен орындарының болуы немесе болмауы өзіндік әсерін тигізіп отырған. Қазіргі таңда жинақталған материалдарға қарап, мамандар мынадай ортақ тұжырым ұсынады: алғашқы кезде қола б.з.б. IV-мыңжылдықта Оңтүстік Иран мен Месопотамияда белгілі болған, одан кейін б.з.б. III-II-мыңжылдықтар шебінде Үндістан, Кіші Азия, Сирия, Палестина мен Кипр, т.б. жерлерге, соңына б.з.б. II-мыңжылдықта Еуропа мен Азияның басым бөлігіне таралған. Қазақстан тарихнамасында қола дәуірі б.з.б. II-I-мыңжылдықтар аралығын, нақтылағай түскенде б.з.б. XVIII-VIII ғасырлар аралығын қамтиды. Бірақ, соңғы жылдардағы зерттеулер бұған да өзгерістер енуі мүмкін екендігін толық көрсетіп отыр [1, 4, 56].

Қазақстан жерінің қола дәуірі терең зерттелген аймақтар саналатын Орталық және Солтүстік Қазақстан жерлеріндегі Ә.Х. Марғұлан бастаған ғалымдарымыздың мақсатты түрде жүргізілген зерттеулері үлкен маңызға ие. Сол зерттеулердің бастамасы ретінде қола дәуіріне өз кезеңдемелерін жасаған қазақ археологиясының алғашқы ғалымдары К.А. Ақышев (1953 ж. Зерттеп бастаған), Ә.М. Оразбаевтар (1958 ж. Зерттеп бастаған) еді [5].

Қазақстан жеріндегі қола дәуірінің кезіндегі өмір сүрген адамдардың негізгі мәдениеті – ғылымда Андронов мәдениеті деп аталады. Бұл дәуірде Қазақстан даласын, Оңтүстік Сібірді және Орал аймағын шығу тегі жағынан ұқсас, өзіндік мәдениеті бар тайпалар мекендеді. Бұл мәдениеттің алғашқы ескерткіші табылған Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласы маңындағы Андронов селосына байланысты бұл кезең – андронов мәдениеті деген атау алды. Сол жердегі қазба жұмыстарын 1913 жылы Б.В. Андрианов жүргізген. 1927 жылы археолог М.П. Грязнов осындай қорымды Батыс Қазақстаннан да тауып, андронов мәдениетінің ескерткіштері шығыста Минусинскіден бастап батыста Оралға дейінгі орасан зор территорияға тарағанын анықтады. Ә.Х. Марғұлан (1940-1950 ж.ж.) андронов мәдениетінің өмір сүрген уақытын 3 кезеңге бөледі:

1. Ерте қола кезеңі (Федоров кезеңі) – б.з.б. XVIII-XVI ғғ.
2. Орта қола кезеңі (Алакөл кезеңі) – б.з.б. XV-XIII ғғ.
3. Кейінгі қола кезеңі (Замараев кезеңі) – б.з.б. XII-VIII ғғ.

Бұл кезеңдер алғашқы зерттелген ескерткіштер атына сәйкес Федоров, Алакөл, Замараев деп аталды [5].

Біз білетіндей Андронов мәдениеті адамзат тарихының ең маңызды кезеңдерінің бірі – қола дәуіріне тән мәдениет. Адамзат баласының тас құралдардың орнына қоладан жасалған құрал-саймандарды пайдалану заманы – қола дәуірі деп аталады. Андронов мәдениеті қола дәуірінің бір бөлігі ретінде Қазақстан тарихында өзіндік маңызға ие. Бұл мәдениеттің шекарасы, шығысында Енисей өзені, батысында Орал тауы, солтүстікте Тайга, оңтүстікте Тянь – Шань тауларына дейінгі ұлан-ғайыр аумақты алып жатыр. Оған Қазақстан территориясы түгелімен кіреді. Бұл мәдениеттің Андронов деп аталуы, осы мәдениетке жататын ең бірінші қорым Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласының жанындағы Андронов селосынан табылғандығына байланысты. Бұл ескерткіштерді 1913 жылы Б.В. Андрианов ашып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Андронов мәдениеті шартты түрде үш кезеңге бөлінеді. Ерте қола – б.з.б. XVIII-XVI ғғ, орта қола б.з.б. XV-XII ғғ, кейінгі қола б.з.б. XII-VIII ғғ. Андронов мәдениеті VIII-IX ғасырға созылады. Ендігі кезекте Андронов мәдениетін жан-жақты сипаттап беретін, бұл мәдениетте тіршілік еткен тайпалардың өмірін, діни наным-сенімдерін, әлеуметтік жағдайын айқындап беретін қыш (керамика) ыдыстарына тоқталып кетсек. Құнды тарихи деректеме болып

табылатын қыш археологиялық ескерткіштерден алынған жәдігерлердің негізгі категориясын түзеді. Қыш ыдыстарды зерттей отырып, ертедегі тұрғындардың түрлі топтарының өзара қатынасын, шаруашылық әрекеттерінің ерекшеліктерін, дүниетанымдарының кейбір қырларын, археологиялық мәдениеттерінің туыстастығы мен олардың шығу тегін баяндайды [2, 31-35 б.].

Қоныстарды мекендеушілерде қыш ыдыстарын жасау ісі едәуір орын алған. Оның бәрі шаруашылық пен тұрмыста пайдалануға арналды. Қола дәуірінде құмыра жасау ісімен әйелдер айналысқан. Құмыраларға салынған өрнектер негізінен алғанда штрихталған үшбұрыштар, зигзагтар, шырша, дөңгелек батырып салған оюлар, сызықшалардан тұрды. Ыдыс-аяққа қарап, олардың жасалу техникасы туралы сөз етуге болады. Балшық өте мұқият тандап алынды, кейде ол бірнеше шақырым жерден әкелінетін болған. Кейін барып ұқсатылатын, атап айтқанда: мұздатылатын немесе жаз бойы әр түрлі арнайы қоспалар қосылып иі қандырылып, одан кейін иленетін болды. Ыдыстардың пішінін, жасалу техникасын және өрнегін салыстыра зерттеу қола дәуіріндегі мәдениеттің әрбір кезеңіне ыдыстардың белгілі бір пішіні тән екенін анықтауға мүмкіндік береді [3, 96-98 б.].

Беғазы-Дәндібай мәдениеті — қола дәуірінің соңғы кезеңінде (б.з.б. IX-VIII ғасырлар) Орталық Қазақстанды қоныстанған тайпалар мәдениеті. Беғазы және Дәндібай ескерткіш кешендерін алғаш зерттеп, мәдениет атауын ғылыми айналымға енгізген академик Ә. Марғұлан. Беғазы-Дәндібай мәдениетін өркендеткен тайпалар батысында Ұлытау, шығысында Абыралы, Шыңғыс таулары, оңт-нде Жетіқонырдан Ертіс бойына дейінгі Нұра, Сарысу, Кеңгір өзендері бойлары мен Қызылтау, Бұғылы, Қызыларай, Қарқаралы, Баянауыл таулары аралығындағы кең жазықтарды қоныс еткен. Бұл кезде одан бұрынғы андрон мәдениетіне тән үлгілер сақталумен қатар, жаңа жерлеу ғимараттары, тұрғын үйлер пайда болып, жерлеу салты, өзіндік шаруашылық түрлері қалыптасады.

Жаңа мәдениет қауымның жоғарғы лауазымды билеушілеріне арнап салынған қақпақ тастардан тұрғызылған зәулім кесенелерімен, мәйітті бір қырынан, аяқ-қолын бауырына жинап, сонымен қатар шалқалатып жерлеу, олардың жандарына қару-жарак, әшекей бұйымдар қою ғұрыптарымен ерекшеленеді. Қыш көзелердің пішіні, жасалу, өрнектелу өзгешелігімен де айрықшалады. Беғазы-Дәндібай мәдениеті кесенелері күрделі сәулет өнері ескерткіштеріне жатады (Ақсу-Аюлы, Бұғылы, Беғазы, Дәндібай, Ортау, т.б.). Олар көбіне дөңгелек, төртбұрышты болып келеді. Ғимараттардың үсті қақпақ тастармен немесе жуан бөренелермен сатылы (пирамидалы) әдіспен жабылып, мәйіт ортадағы үлкен тас жәшіктерге жерленген. Қоныстар мен тұрақтардан табылған көзе ыдыстардың таяқшамен батыңқы сызылып салынған сыртқы өрнектері қарапайым, қиғаш, көлбей салынған шырша, тырнақ, шекілдеуік, жарты ай бейнелі, мойны мен ернеуіне белдемшелер жапсырылған. Ал қабірлердің ішіне қойылған ыдыстардың пішімдері мен өрнектері мүлде өзгеше. Олар қыл мойын құмыра пішімді, шығыңқы бүйірлі кесе, тостаған тәрізді, сырты сүйек қалыпшалармен әсем етіп өрнектелген. Осы кезеңде бұл өңірде ірі елді мекендер (Кент, Бұғылы, Шортанды-бұлақ, Қарқаралы, Ақкөзен, Ұлытау, т.б.) пайда болған[5].

Тұрғын үй құрылыстары әр түрлі. Қабырғасы, іргесі таспен өрілген 4-6 бөлмелі үйлермен қатар, бір-екі бөлмелі жер кепе және киіз үй пішіндес құрастырмалы жеңіл үйлер де көп болған. Олардың орта тұсында немесе шетінде биіктеу етіп тастан салынған төртбұрышты ғибадат ету орындары бар. Әрбір үлкен қоныстардың айналасында 3-5 шағын мекендер болған. Бұл жерлерді қоныстанған тайпалардың басым көпшілігі мыс балқыту, көзе жасау, егін егумен, мал ш-мен айналысқан. Беғазы-Дәндібай мәдениеті жасаушы тайпалар да андрондықтар сияқты негізінен табиғат күштеріне (күн, от, су, т.б.) табынған. Сонымен қатар басты күнкөріс көзі есептелген жылқы, қой, түйе сияқты жануарлар мен қасқыр, аю, т.б. жыртқыш аңдарды құрметтеп, оларға табыну ғұрыптары пайда болған. Олардың тастан қашалған бейнесін зират, қоныс маңына (Қойшоқы, Ақсу-Аюлы, Қызыларай, т.б.) тұрғызып қойған. Беғазы-Дәндібай мәдениеті тұрғындары — өздерінің әлеум. дамуында беделді рубасылары басқарған, қалыптасқан діни наным-сенімі, саяси әкімш. орталығы бар, өзіндік өндірісі мен өндіргіш күштері дамыған, алғаш мемл. бірлестік құру дәрежесіне жеткен тайпалар. Олар Оңт. Оралдағы (Замарев мәдениеті), Алтай мен Енисейдегі (Қарасуық мәдениеті) өздеріне туыс тайпалармен саяси-экон. тығыз байланыста дамыды[4.].

Қазақстан жерінде қола дәуіріне жататын қоныстар өте көп анықталған. Қоныстар көбінесе өзен жағасында, көл жағалауларында орналасқан. Қоныстарда әдетте 5-10 үй, кейде 20 шақты үй болған. Қола дәуірінің соңына жататын қоныстарда қола және мыс орақтар кездеседі. Көкшетау маңындағы Шағалалы қонысынан қола шалғы табылған.

Археолог С.А.Теплоухов 1927 жылы Андронов мәдениетін екі кезеңге бөліп қарастырады: Алдыңғысы - Нұра кезеңі; кейінгісі - Атасу кезеңі. Нұра ескерткіштерін негізінен алғанда, жерлеу орындары көне қорымдар құрайды. Жерлеу орындары кішігірім қазандай жалпақ тастарды жерге жартылай бастырып орнатқан қоршау түрінде болып келеді. Қабір қабырғалары кішігірім жалпақ тастармен қаланған тас сандық сияқты. Тастан қаланып жасалған тас сандықты циста дейді. Тас сандық үсті бір немесе бірнеше екі-үш жалпақ тастармен жабылады. Бұл дәуірде өлген адамның сүйегін жартылай өртеп қойған. Нұра кезеңінің кейбір зираттарында адамды өртемей жерлеу ғұрпы да кездеседі. Ақтоғай ауданының аумағында зерттелген Қанаттас жерлеу кешенінің қоршауында адамды қабірдің ішіне қол-аяғын бүгіп отырғызып жерлеген. Нұра кезеңінің қоршауларында адаммен бірге қыш құмыраларды, малдың егін қойған.

Атасу кезеңінің жерлеу орындары нұранікіндей дөңгелек, төртбұрышты қоршаулар болып келеді. Атасу кезеңінде адамды сол күйінде жерлеген, өртенген сүйектер өте сирек кездеседі. Қабірлер үлкен қақпастардан салынған, тас сандықтар – циста жоқ. Атасулықтар адамды қол аяғын бүгінкіреп, бір қырынан,

көбінесе сол жамбасына жатқызып жерлейтін болған. Атасу кезеңінде бір қоршаудың ішінде бірнеше қабір кездеседі. Бұл бір атаның балалары жерленген патриархалдық жерлеу орындары. Айшуақ кешенінің қоршауы осының дәлелі. Мұнда алты адам бір үлкен зиратқа жерленген, сонымен қатар кейіннен қайтыс болған туыстарын осы қоршауларға жапсырлас етіп салынған қоршауларда жерлеген. Жақын туыстарын зиратына жапсырлас жерлеу ғұрпы қазақтарда қазірге дейін кездеседі.

Орталық Қазақстандағы мыс кендерінің бай қоры ірі, күшті металлургия ошағының дамуына негіз болды. Қоланың кейінгі кезеңі Орталық Қазақстанда жаңа мәдениет – Беғазы-Дәндібай құрылуымен белгілі. Бұл мәдениетке тән бір қасиет ол бірінші жағынан, онда жаңа элементтер: мазарлардан айрықша типі өзіндік ерекшелігі бар жерлеу дәстүрі, қыш ыдыс-аяқтардың жаңа түрлері пайда болды. Мәйттерді бүктеліп жатқызып қоюмен бірге, оларды шалқасынан жатқызып қою да кездеседі[5].

Беғазы-Дәндібай дәуірінде адамдардың өмірінде мәнді өзгерістер болған. Андронов кезеңіндегі мал шаруашылығының үй маңындағы түрінің орнына оның жайылымдық формасы қалыптасты. Мал шаруашылығының бұл түрі бойынша жайылымдар қысқы және жазғы деп бөлінген, қыста мал қоныс маңында ұстауда болады, ал жазда жайлауға айдалады. Шаруашылықтың мұндай әдісінде малмен бірге жазғы жайылымға қоныстың барлық тұрғындары немесе оның көп бөлігі кетеді. Беғазы-Дәндібай кезінде Қарқаралы өлкесінің тұрғындары малды, яғни сиыр, жылқы, ұсақ малды көптеп өсірген.

Қола дәуірінде Қазақстанды мекендеген тайпалар рулық тайпалық құрылыста өмір сүрді. Ру тайпалық құрылыстан бастап дамыған патриархалдық қоғам, мүлік теңсіздігі, әлеуметтік әрқилылық деңгейіне жетті.

Беғазы -Дәндібай кезеңінде үлкен патриархалды отбасыларға арналған, көп адам жерленген зираттардың орнына бір-ақ адам жерленген үлкен жерлеу құрылыстары кездеседі. Бұл сол кезеңдегі ру, тайпа көсемдерінің, беделді бай адамдардың зираты. Мүлік теңсіздігінің пайда болғанын қорым басшылары, ру тайпа көсемдерінің қабірінің биік әрі көлемі үлкен гранит тастармен қоршалуынан көруге болады. Жерлеу заттары да алтын мен қоладан жасалған, сән - салтанатымен ерекшеленеді. Қоғамда өндіргіш күштердің өсуінен әлеуметтік теңсіздік күшейе түсті. Бұған қоныстар мен молалардан табылған ескерткіштер дәлел бола алады[5].

Қорытындылай келе, бұл тақырып арқылы қола дәуірін тереңірек зерттедік десекте болады. Бұл дәуір адамзат өркениетінің дамуындағы үлкен өзгерістер кезеңі болды. Қола дәуірі кезінде адамзат мысты алғаш игере бастаған. Археологтар қола дәуірін зерттей отыра, осы кезеңнің шаруашылығын, әлеуметтік құрылымы мен тұрмысы туралы келешек ұрпақтарға құнды деректер қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманқұлов Ж.Қ., Байгунаков Д.С. Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы негізі мәселелері): Монография - Алматы: "КИЕ" лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. - 192 б.
2. К.М. Байпақов, Ж.К. Таймағамбетов, Т. Жұмағанбетов. Қазақстан археологиясы. - Алматы. Қазақ университеті, 2006.-72,83 б.
3. Талеев Д.А. Археология: Тарих, археология және этнология мамандықтарына арналған оқулық.- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010.-96,98 б.
4. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы.- Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. - 2-Т.
5. <http://e-history.kz/kz>

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН МИФОЛОГИЯ

Атығаев Б.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ.

Қырқынан шығару. Иткөйлек ұғымы туралы.

Қазақ және өзге де түркі халықтарында тұрмыс салт қолданысындағы сандардың символикалық мәні бар. Олар: 3, 7, 40, 100.

Бұл сандар Құран, Библия, Таурат, Будда және Ежелгі жыр дастандар да кездеседі.

Соның ішін де 40 саны Түркі халықтарының түсінігінде – Өмір (жаңа туған нәрестенің туылуы) және осы түсінікке қарама-қарсы түсінік – өлім мәніне қатар қолданылады. Мысалға: Қырқынан шығару (Шілдехана, Шілде күзет), Қырқын беру (Қырқына ас беру) [1, 226-227].

Бұл 40 күн аралығы жаңа туған нәресте үшін де қайтыс болған адам үшін де аса маңызды уақыт арлығы. Неге деген сұраққа жауап берсем.

Түркі халықтарының түсінігін де нәресте дүниеге келген сәттен бастап Қырқынан шығарғанша бала жаны толыққанды бұл өмірге келді деп есептелмейді. Нәресте жаны әлі де өлілер әлемінде деп түсіндіреді, тек Қырқынан шығарғаннан кейін ғана (Шілдехана) нәресте жаны бұл өмірге толыққанды қабылданады. Өлген адамның Қырқысын беру салты да дәл осындай түсінікте жүргізілетін рәсім. Түркі сенімі (Тенгри) бойынша